

ӘОЖ 330.3(574)

Ш.А. Игенбаева

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.
E-mail: Sharbat89@mail.ru

Инвестициялық саладағы мемлекеттің рөлі

Андатпа. Бұл мақалада инвестициялық саладағы мемлекеттің рөлі мен мемлекеттің индустриалды-инновациялық бағдарламасының дамуы басты мәселе болып табылады. Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қарастырылған. Осыған байланысты инвестициялық үдерісті реттеу бағдарламалары белгілі бір теорияларға негізделіп жасалады, сондықтан мақалада кейнсиандық теориясы қолданылған. Нарықтық экономика тепе-теңдігінің неоклассикалық теориясы ұсынылған. Қазіргі кезеңде экономикалық саясаттың негізгі мақсатын жүзеге асыру, қазақстандық экономиканың тұрақты дамуында инвестициялық белсенділікті арттыру ең басымдылыққа ие міндеттерге жатқызылады. Бүгінгі жағдайда Қазақстанның экономикасында инвестициялық істі белсендендіру үшін мемлекет жан-жақты қарастырылған және тиімді инвестициялық саясатты ұстануы тиіс. Қазақстандық экономиканың инвестициялық саласындағы мәселелердің дені қалыптаспаған нарық механизмдері жағдайында мемлекеттің басқару жүйесінің әлсіреуімен, ел дамуындағы мемлекеттің экономикалық рөлінің төмендеуімен байланысты.

Түйін сөздер: инвестиция, стратегия, мемлекеттік бағдарлама, экономика, инвестициялық процестер, бюджет.

Экономиканың инвестициялық саладағы мемлекеттің рөлі бір қатар факторлармен айқындалады, атап айтсақ, нарықтық қатынастар дамуының деңгейі, экономикалық жағдаят ерекшелігі, ұлттық даму міндеттерінің сипаты.

Қазіргі кезеңде экономикалық саясаттың негізгі мақсатын жүзеге асыру қазақстандық экономиканың тұрақты дамуында инвестициялық белсенділікті арттырудың ең басымдылыққа ие міндеттеріне жатады. Бүгінгі жағдайда Қазақстанның экономикасында инвестициялық істі белсендендіру үшін мемлекет жан-жақты қарастырылған және тиімді инвестициялық саясатты ұстануы тиіс.

Қазақстандық экономиканың инвестициялық саласындағы мәселелердің дені қалыптаспаған нарық механизмдері жағдайында мемлекеттің басқару жүйесінің әлсіреуімен, ел дамуындағы мемлекеттің экономикалық рөлінің төмендеуімен байланысты.

Нақты секторды көтеруді қамтамасыз ету үшін сыртқы және ішкі ақша ағымдарын тиімді нарықтық басқарудың болмауы қазіргі кезеңде

инвестициялық істі мемлекеттің реттеуін талап етеді. Сонымен қатар қазақстандық экономикада қалыптасқан нақтылы жағдайларды есепке алу арқылы мемлекеттік экономикалық саясаттың тұжырымдамаларымен нұсқаулықтарды қолдануда салмақты қарау қажеттілігіне зәру.

Инвестициялық үдерісті реттеу бағдарламалары белгілі бір теоретикалық негіздерге сүйеніп жасалады. Батыстық экономикалық тәжірибеде экономикалық реттеуде әртүрлі жолдар ұсынатын бір-біріне қарсы негіздік тұжырымдамалары кейнсиандық теорияны жақтаушылар экономикалық өсімге жетуге ерекше көңіл аударса, монетаризм өкілдері баға деңгейі мен валюта бағамын тұрақтандыруды көздейді.

Кейнсиандық доктринаға сәйкес сұраныс жалпы ұлттық өнім қарқынын айқындаушы болып табылады. Жеке инвестициялық сұраныс өзгермелі. Жинақтау мен инвестициялар субъектілері түрлі негізде жинақтау инвестицияларға қатысты шешім қабылдайтын түрлі топтар реттеуінде көрінеді.

Инвестицияларды қаржыландыру көзі – тек ағымдағы жинақтаулар емес, сондай-ақ үй шаруашылығының қолдағы жинақтаулары мен несиелі ұйымдарының ақша құралдарының эмиссиясы.

Осыған байланысты кейнсиандық тұжырымдама жинақтаулар мен инвестициялар – банктердің несиесінің өзгеруін ажырату мүмкіндігі. Жеке сұраныстың өзгермелілігі экономикалық тұрақсыздығына апарады, ол мемлекеттік тарапынан бағалар мен пайыздық мөлшерлемелерге ықпал ету қажеттілігін анықтайды.

Кейнсиандық үлгінің логикасы келесіде.

Шамамен, қолданыстағы ақша көлеміне қарастырылған несиелік пайыздың тепе-тең мөлшерлеменен белгіленеді. Ақшаға деген сұраныс сақталған жағдайда нарық пайыздық мөлшерлемені төмендету арқылы берілген ықпалға жауап береді. Ақша нарығындағы өзгерістер инвестициялық нарық жауабына серпін береді. Несиелік пайыздың төмендеуі несиенің арзандауы мен құнды қағаздар бағамен көтеруінің салдарынан инвестициялар өседі. Өндіріске деген салымдар өскен сайын ұлттық өнім көлемі ұлғаяды, кіріс салмағы өседі, оларға инвестициялар мультиплицирлі әсер береді. Осылайша, мемлекеттің қысқа мерзімді ықпалы инвестициялар мен өндірісті дамытуға әкеліп соғады. Алайда кіріс деңгейінің жоғарылауы мен сәйкесінше, ақшаға деген сұраныстың өсуіне жауап беретін нарықтық механизм пайыздық мөлшерлемені көбейтеді, ол өз кезегінде инвестицияларға тежейді.

Осылай, нарықтық механизм мемлекеттің араласуына жауап бере отырып, ақыры бастапқы серпінді өшіреді. Мұндайда ұзақ мерзімде пайыз мөлшерлемесі реттеуші ықпалға аз ұрынады. Ақша салмағын әрі қарай өсіру саясаты тек инфляциялық қаржыландыруға ғана емес, сонымен бірге пайызбен ақша алуға сұраныстың шексіз көбеюіне әкеп соғады.

Нәтижесінде экономика Д. Робертсон сипаттаған ликвидті қақпанға түседі. Одан әрі ақша салмағын өсіру еш әсер бермейді, өйткені пайыз бағамы белгіленген минимумнан төмен түспейді. Мұндай жағдайда инвестициялық нарық ақшалықтан серпін ала алмай, инвестициялық тежеліп, өндіріс төмендейді. Сәйкесінше, торығу жағдайында инвестицияларға пайыз нормасы қарқыны механизмі арқылы ықпал жасау пай-

ызды бағам төмендемесе еш жұмыс істемейді. Арзан ақша саясатын жүргізу дегеніміз банктер несиелі береді деген сөз емес. Төмен пайыз құнды қағаздар бағамын көтереді, бірақ фирмалар өз құнды қағаздарын сатудан қаражат ала алмайды, себебі соңғылары құлдырау жағдайында сенімді емес. Ликвидтілікке деген сенім артады, қолдағы ақша салмағының өсуі төлеуге қабілеті тұтынушылық сұраныстың төмендеуінің жағдайында бағалардың инфляциялық өсуіне әкеліп соқтырады.

Ақша несиелік саясат іске аспағандықтан, кейнсиандық үлгі экономиканы тұрақтандыру үшін фискальды саясатты, оның ішінде мемлекеттік шығындарды көтеруді қарастырады. Бұл шара инвестициялық сұранысқа жігерлендіруші әсер етіп, бірақ мемлекеттік бюджетте жетіспеушілікке апарады. Қаржыландырудан неғұрлым төмен информациялық тәсілмен несиелік нарықта қарыз алу есебінен жүзеге асыру нарықтық тепе-теңдіктің жойылуын күшейтеді.

Біріншіден, ол ақшаның жеке инвестициялар нарығынан анағұрлым болып табылатын мемлекет міндеттемелеріне көшуіне әкеледі, нәтижесінде жинақтаулар мемлекеттік бюджетті жабуға жіберіледі. Екіншіден, несиелік капитал нарығындағы ақша құралдарының жетіспеушілігі банктік несиелік мөлшерлемелерімен жоғарылатып, құнды қағаздар бағамын төмендетеді, ол да инвестицияларды азайтады.

Осылайша, қорыта келе кейнсиандық кеңестер ұзақ мерзімде толық тиімді емес. Сонымен бірге қарастырылған механизмге ішкі қайшылықтар тән. Егер ұлттық банктің несиелік экспанциясын қосқандығы экспанционистік шаралары мен мемлекеттің қызметі инвестицияларға жігерлендіруші әсер етсе, басқа шаралар инвестрлеудің жинақтау түрткісінің төмендеуіне апарады.

Кейнсиандық кеңестерді төмендегідей жағдайда қолдануға болады:

- Мемлекетті нығайтуды талап ететін дағдарыстық кезеңде;
- эмиссия мен инфляция қарқынына бақылау орнатуда;
- бәсекелестікке мемлекеттік қолдау көрсетуде.

Нарықтық экономиканың тепе-теңдігінің неоклассикалық теориясын ұстанатын монетаристер жинақтаулар мен инвестициялар

ды тепе-теңдігі туралы тұжырымдамалық ережесін сақтайды, ақшаға сұраныс тұрақсыз; әрі спекулятивті түрткі ықпалына шалынғыш деп санайтын кейнсианстыққа қарсы монетаризм ақшаға сұраныс қызметінің тұрақтылығы жинақтауларға тұрақты бейімділікке негізделеді. Осыдан шығатын қорытынды нарықтық жүйенің тиімді қызмет етуі мен дамуы ақша экономика мұқтаждарына сәйкес ақша салмағын ұдайы өсіріп отыру арқылы, өз кезегінде инвестицияның өз қарқындылығы, ақша салмағының өзгерістерімен анықталады. Кейнсиандық теориядан монетаризмнің айырмашылығы монетаризмнің дискреттік саясаты нарықтық экономиканың қызметіне бөгет болады. Нарықтық механизм әсерінен түрлі салдар туындауы мүмкін. Мемлекеттік басқарушы органдардың ұдайы субъектілері айырады. Пайыздық мөлшерлерге ықпал ету арқылы инвестицияларды реттеу өзіндік реттеу механизмінің салмағының күрт өзгеруін инфляцияның өсуіне туындатады. Сондықтан экономиканы тұрақтандыру үшін ақша салмағының үнемі көбейіп отыруын қамтамасыз ету керек. Ақша салмағының өсу көлемі мен қарқынын реттеу әдісімен жүзеге асырылады. Ол ақша айналымының өсуінің мақсаты бағыттауын белгілеп таргеттеуші кезеңдегі өндірістік зат пен баға өсуін қарастырады, сондай ақ нарық қатысушыларының барлығының әрекетіндегі ақша салмағының сандық өлшемдерін есепке алады.

Таргеттеу саясатының нәтижесінде бағалар тұрақталуы инфляцияның ниверленуі бәсекелестіктің өрістеуіне әкеледі. Мұндай жағдайда тепе-тең бағалар механизмі қалпына келеді, олар инвесторды өсімі молдау салаларға бағыттайды. Инвестициялық үдеріске ықпал ету мақсатында мемлекет салықты төмендетеді. Бюджет жетіспеушілігін қысқартады.

Сонымен бірге монетарлық ережені қолдану ұзақмерзімді мақсаттарды ескеруі тиіс. Белгілі бір кезеңдегі салмағының жалпы өзгерісі есептік ұзақмерзімді қарқыннан аспауы керек. Мемлекеттік экономикалық саясаттың кейнсианстық кеңестерден бүкіл-әлемдік сұранысты жігерлендіруге өтуі тек монетаризмнің емес, сұраныс экономикасы теориясының да кілт идеясы болып табылады. Монетаризм мен сұраныс экономикасы теория-

сы ортақ көзқарастарға ие болғанымен олардың арасында елеулі ие болғанымен олардың арасында елеулі қайшылықтар да бар.

Ал ішінде тәжірибелік салмағы бары келесідей. Мемлекеттік бюджеттік саясаттың шешуші бағыты кәсіпкерлікті жинақтауларды дамыту болуы тиіс болғандықтан, сұраныс теориясын жинақтаушылар мемлекеттік бюджет жетіспеушілігінің болуы мүмкін дейді, себебі олардың ойынша, дамыту нәтижесінде кірістер жедел өсіп, сәйкесінше салықтар да өсіп, ол алдыңғы салықтың шығындардың орнын толығымен басады. Осылайша, сұраныс теориясының авторлары кейнсианстық идеяларды терістей келе, қаржыландыру дефицитін модифицирленген түрде экономикалық әрекетті жігерлендірудің белсенді құралы емес, мүмкін нәтиже ретінде қайта оралады.

Өкіметтік және тәуелсіз құрылымдар, ғалымдар ұжымы, жеке мамандар тарапынан инвестициялық саясаттың түрлі тұжырымдамалары әзірленеді. Көптүрлілікке қарамастан, оларды біріктіретіні – біржақты монетаристік көзқарас. Қазақстанның экономикалық орталықтанған басқару жүйесіне оралу, қазіргі жағдайда жеткілікті емес деген тұжырым. Расында да, қазақстандық экономиканы қалыптасқан жағдайда талдасақ, инвестициялық тек нарықтың өзін реттеуі негізінде ғана мүмкін еместігі, оның қазақстандық экономикада төмен деңгейде қалыптасқандығымен сипатталады.

Сонымен бірге инвестициялық үдерісте мемлекеттің қалыптасуының шекарасы мен ұстанымдарын белгілеп алу қажет, мұнда қазақстандық экономиканың даму ерекшелігін де ескеру керек. Инвестициялық саладағы мемлекеттің рөлін талдауда мемлекеттік қатысуы объективтік шектеулер бар. Бұл шектеулер, бір жағынан, нақты қаржылық мүмкіншіліктерге негізделуі, екінші жағынан, экономикада мемлекеттің болуы жеке инвестициялардың шеттеуіне емес, келуіне жағдай жасауы тиіс. Инвестициялық істе мемлекеттің қатысуы туралы мәселе көбінесе инвестициялық өрлеуге қаржылық қордың шектеулі болу мәселесімен байланысты. Шамамен есептеулердің көрсетуінше, инвестрлендіру көлемін қалпына келтіру үшін, инвестициялық құлдырау тереңдігін есепке ала отырып, инвестицияны 5 есе көтеруді, яғни 2 трлн теңгеге жеткізуді қарастырады [1].

Қазақстан Республикасының экономикалық даму министрлігінің бағалауынша, инвестицияларға мұқтаждық жылына 150 млрд долларды құрайды. Ортамерзімді кезеңде инвестициялардың жеткіліктілігінің көрсеткіші ретінде тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ететіндей инвестициялық қорлар алынады. Макроэкономика тарапынан алғанда бұл таза инвестициялардың оң мәнді көлеміне жету, яғни негізгі капиталды жаңартуға деген құралдар көлемінің өсуін білдіреді. Осыған орай, инвестицияларды өндірістік қордың жиналған бөлшектерінің шығу деңгейінен асатындай етіп жігерлендіру керек. Бұл бағыттауыштың дені қайта жасалған өнімге төмен инвестиция салығында өндірістік қордың шығушы бөлшектерінің орны толмауы тиіс, нәтижесінде экономикалық құлдыраудың жағдайы қайта шығып, өндірістің нақты жандануының қарқынының қысқаруы жалғасады.

Экономикалық дамудың тиімді қарқынын қамтамасыз ету мүмкіншілігі экономикалық нақты сектордағы іші жинақтаулар ауқымымен, салымдардың капитал беру төмендеуімен шектеледі. Қазақстанның экономикасының бұл ерекшеліктері жуырдағы уақытта мемлекеттік саясаттың ұстанымдарын айқындайды. Ресурстық шектеулер мен нарықтық механизмдердің қалыптаспауын есепке ала отырып, мемлекеттік саясат инвестициялық істе басымдықты бағыттарды таңдау мен «нүктелік инвестірлеу», әзірленетін шаралардың негіздемілігін, бірізділігін және комплектілігін күшейтуі негізінде инвестициялық үрдісті басқарушылық деңгейін көтеруге құрылуы тиіс.

«Қазақстан–2030» бағдарламасы Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі инвестициялық әрекетінің негізгі бағыттарын айқындап берді, экономикалық өсудің тұрақты қарқынына жету үшін, бірінші кезекте елдегі инвестициялық белсенділікті көтеру қажет. Ол үшін тартымды инвестициялық климат қалыптастыру, сыртқы капитал нарығында Қазақстанның имиджін көтеру, тікелей инвестициялар тарту, мемлекеттік инвестицияларды орынды және тиімді пайдалану талап етіледі.

Қазақстан үшін өте маңызды проблемалардың бірі жер бетіндегі көлік-логистикалық инфрақұрылымның күйі және әуе тасымалдаулары болып табылады. Бұл проблемаларды шешуге көлік стратегиясы бағытталған [2].

Инвестициялық заңнаманы жақсарту, соның ішінде жер қойнауын пайдалану саласын экономиканың басымдықты секторларына тікелей инвестиция беруді жетілдіру, инвестициялардың заңды құқықтарын қорғау, саласы және регулятивті қауіптерін жабуға арналған кепілді механизмдерді халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесе әзірлеу және енгізу жұмыстары жалғасуда.

Мемлекеттің ерекше көңіл бөлетіні – өндірістік инфрақұрылымды өңдеуші өнеркәсіпті, тұрғын үй, әлеуметтік сала нысандары, туризм және ауылшаруашылық, сондай-ақ Астана қаласының нысандарын дамытуға инвестициялар ағынын өсіру.

Мемлекеттің халықаралық капитал нарығында инвесторлармен диалогты белсенді етіп, жарнамалық-ақпараттық қызметін күшейтуді көздеп отыр. Ірі халықаралық инвестициялық самиттер өткізу тәжірибесі не Қазақстан республикасы Президенті жанындағы шетелдік инвесторлар кеңесіне жұмыс топтарына, оның құрамындағы мемлекеттік органдар өкілдері, шетелдік инвесторлар мен консалтингтік ұйымдарға ерекше көңіл бөлінеді.

Мемлекеттік инвестициялар саласында өкімет мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының құрамына кіретін жобалардың талдауына, экспертициясына және іріктеп алуына деген талаптарды көтеріп реттейді. Мемлекеттік инвестицияларды қаржыландыру көлемі сәйкес жылдың республикалық бюджетімен өзара байланысты болады.

Мемлекеттік инвестрлеу саласындағы негізгі міндет – шектеулі мемлекеттік инвестициялармен мемлекетке тартылатын инвестицияларды экономиканың басымдықты салаларына тиімді әрі орынды инвестрлеу.

Құнды қағаздар нарығы қызметі қамтамасыз етіледі және инвесторлардың құралдары портфельдік инвестицияларды тарту үшін қажетті жағдайлар жасалуы тиіс.

Қазақстандық ұйымдар эмитенттердің акциялар мен облигацияларды шығаруы – Қазақстан экономикасына инвестициялар тартудың негізгі механизмдерінің бірі болуы керек [3].

Қорыта келгенде, инвестициялық салада мемлекеттің рөлі өте маңызды. Мемлекет инвестициялық климатын жақсартуға, шетелдік капитал нарығынан жаңа инвестициялар тартуға және ішкі инвестицияларды мемлекеттік инвестициялар және тікелей инвестицияларды тартуға

арналған бағдарламаларға сәйкес жандандыруға бағытталады. Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама Мемлекет басшысының «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асырудың екінші кезеңі болып табылатын Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының түйінді бағыттарына сәйкес бағытталған.

Әдебиеттер

1 Успанова М.У. Регулирование инвестиции в экономике Казахстана // Саясат-Policy – 2010. – №2. – 25 б.

2 Виленский П.А., Лившиц и др. Оценка эффективности инвестиционных проектов. – М.: Дело, 2009. – 99 с.

3 Рахматулаева Г.А. Шетел инвестицияларын экономикаға тарту нысандары // Қаржы-қаражат. – 2010. – №2. – 11 б.

References

1 Uspanova M.U. Adjusting of investment is in the economy of Kazakhstan // Sayasat-Policy – 2010. – №2. – 25 p.

2 Vilenskiy P.A., Livshits and others. Estimation of efficiency of investment projects. – M.: Delo, 2009. – 99 p.

3 Rahmatulaeva G.A. To the economy Foreign investments objects of what attracts // finances-money. – 2010. – №2. – 11p.

Ш.А. Игенбаева

Роль государства в инвестиционной сфере

В данной статье роль государства в инвестиционной сфере и развития индустриально-инновационной стратегии государства является основным вопросом. Рассмотрена государственная программа РК по направлению индустриально-инновационного развития на 2010-2014 годы. Связи с этим регулирование программ по инвестиционным тенденциям основывается на определенных теориях, поэтому в данной статье применялась теория Кейнсиана. Предоставляется теория неоклассики по рыночной экономике паритета. На сегодняшний день экономическая политика в постоянном развитии Казахстана исполняет основную цель, это – увеличить инвестиционную активность, которая относится к самым приоритетным обязанностям. В экономике Казахстана чтобы активировать инвестиционное дело, государство подробно рассматривается и придерживается выгодной инвестиционной политики.

Ключевые слова: инвестиция, стратегия, государственные программы, экономика, инвестиционные процессы, бюджет.

Sh. Igenbayeva

Role the state in the investment sphere

In this article the state role in the investment sphere and developments of industrial and innovative strategy of the state is the main question. The state program of RK after the direction industrial инновационного developments on 2010-2014 is considered. Communications with it regulation of programs on investment tendencies is based according to certain theories therefore in this article it was applied the theory кейнсиана. The theory of the neoclassic on market economy of parity is provided. On Kazakhstan permanent development economy economic basic aim politics execution on nowadays pore investment activity to increase same bends to priority will oblige, lays to sleep. Touch in today's the state in economy of Kazakhstan investment business the state sticks to белсенділігі in detail examined and advantageous investment politics. In the state mechanisms market, that not formed body of questions in Kazakhstan investment industry economy, state system management to weaken, associated economic role the state on development of country to fall down.

Keywords: investment, strategy, state programs, economics, investment processes, budget.